

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің халықаралық қатынастар
факультетінің Ғылыми кеңесінің 2020 жылғы 27 қараша күні өткен
мәжілісінің № 3 хаттамасынан
ҮЗІНДІ**

ҚАТЫСҚАНДАР: Ғылыми кеңес төрағасы С.Ж.Айдарбаев және кеңестің 14 мүшесі қатысты.

КҮН ТӘРТІБІ:

3. Түрлі мәселелер.

ТЫҢДАЛДЫ: Халықаралық қатынастар факультетінің деканы С.Ж.Айдарбаевтың Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының профессоры, э.ғ.д. Р.Е. Елемесов пен PhD докторы, доцент м.а. А.О. Оңдаштың бірлесіп дайындаған «Халықаралық экономика» (көлемі – 28 б.т.) және PhD докторы, доцент м.а. А.О. Оңдаштың «Халықаралық сауда» (көлемі - 15 б.т.) атты «Әлемдік экономика» мамандықтарына және жалпы сарапшылар қоғамына арналған оқу құралдарын баспаға ұсыну туралы хабарламасы.

ҚАУЛЫ: Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының бірауыздан қабылдаған шешіміне байланысты профессоры, э.ғ.д. Р.Е. Елемесов пен PhD докторы, доцент м.а. А.О. Оңдаштың бірлесіп дайындаған «Халықаралық экономика» атты (көлемі – 28 б.т.) және PhD докторы, доцент м.а. А.О. Оңдаштың «Халықаралық сауда» (көлемі - 15 б.т.) атты оқу құралдары баспаға ұсынылсын.

Ғылыми кеңес төрағасы,
профессор

Ғалым хатшы



С.Ж.Айдарбаев

Ж.Қ.Идрышева

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Халықаралық қатынастар факультетінің Әдістемелік
кеңесінің 2020 жылғы 20 қарашасындағы № 4 Хаттамасынан
Ү З І Н Д І**

ҚАТЫСҚАҢДАР: Әдістемелік Кеңес төрайымы – доц. Машимбаева Г.А. және 14 Әдістемелік бюро мүшелері.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

3. Әртүрлі мәселелер

Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының профессоры, э.ғ.д. Р.Е. Елемесов пен PhD докторы, доцент м.а. А.О. Оңдаштың бірлесіп дайындаған «Халықаралық экономика» және PhD докторы, доцент м.а. А.О. Оңдаштың «Халықаралық сауда» атты «Әлемдік экономика» мамандықтарына және жалпы сарапшылар қоғамына арналған оқу құралдарын Редакциялық-баспа кеңесінде ұсыну туралы.

ТЫҢДАЛДЫ: доц. Г.А. Машимбаеваның Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының профессоры, э.ғ.д. Р.Е. Елемесов пен PhD докторы, доцент м.а. А.О. Оңдаштың бірлесіп дайындаған «Халықаралық экономика» (көлемі – 28 б.т.) және PhD докторы, доцент м.а. А.О. Оңдаштың «Халықаралық сауда» (көлемі - 15 б.т.) атты «Әлемдік экономика» мамандықтарына және жалпы сарапшылар қоғамына арналған оқу құралдарын ұсыну туралы хабарламасы. Оқу құралдардың жалпы көлемі - «Халықаралық қатынастар» (көлемі – 28 б.т.) және «Халықаралық сауда» (көлемі - 15 б.т.).

Оқу құралдары «5B020200-Халықаралық қатынастар», «5B050500-Аймақтану», «5B051300-Әлемдік экономика», «6M051300-Әлемдік экономика», «5B050600-Экономика» мамандығының студенттері мен магистранттары үшін халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасында дайындалынды. Оқу құралдарының және оның мазмұндары белгіленген барлық талаптарға сай орындалынған. Сонымен бірге бұл оқу құралдары бойынша оң пікір берілген. Сондай-ақ халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының мәжілісінде басылымға ұсыну туралы қаулысынан үзінді ұсынылған. Осыған орай, профессор, э.ғ.д. Р.Е. Елемесов пен PhD докторы, доцент м.а. А.О. Оңдаштың бірлесіп дайындаған «Халықаралық экономика» (көлемі – 28 б.т.) және PhD докторы, доцент м.а. А.О. Оңдаштың «Халықаралық сауда» (көлемі - 15 б.т.) атты оқу құралдарын Редакциялық-баспа кеңесінде баспаға ұсынуға болады деп есептейміз.

ҚАУЛЫ:

Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының профессоры, э.ғ.д. Р.Е. Елемесов пен PhD докторы, доцент м.а. А.О. Оңдаштың бірлесіп дайындаған «Халықаралық экономика» (көлемі – 28 б.т.) және PhD докторы, доцент м.а. А.О. Оңдаштың «Халықаралық сауда» (көлемі - 15 б.т.) атты оқу құралдарын нұсқаға жіберу үшін Редакциялық-баспа кеңесіне ұсынылсын.

**Халықаралық қатынастар факультетінің
Әдістемелік кеңесінің төрайымы**



Машимбаева Г.А.

**Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының
кезекті мәжілісінің № 4 хаттамасынан**

ҮЗІНДІ

«10.11.2020ж.»

ҚАТЫСҚАНДАР: Кафедра меңгерушісі Е.С. Чукубаев; Профессорлар: т.ғ.д., проф. К.И.Байзакова, т.ғ.д., проф. К.Н. Макашева, т.ғ.д., проф. М.Ш. Губайдуллина, т.ғ.д., проф. Г.А. Мовкебаева, т.ғ.д., проф. Ф.Т. Кукеева, т.ғ.д., доц. М.А. Ауған, э.ғ.д., проф. К.С. Мухтарова
Доценттер: т.ғ.к., доц. Б.З. Бюжеева, т.ғ.к., доцент Л.Т. Исова, э.ғ.к., доц. А.М. Мырзахметова; **Доцент міндетін атқарушылар:** э.ғ.к., доц.м.а. Л.А.Медуханова, т.ғ.к., доц. м.а. А.Б. Кузембаева, PhD доктор доц. м.а. А. Ондаш, э.ғ.к., доц. м.а. Н.Е. Дабылтаева; **Аға оқытушылар:** т.ғ.к., аға оқыт. Ж.К.Идрышева, т.ғ.к., аға оқыт. Б.М. Балаубаева, т.ғ.к., аға оқыт. А.Н. Бакирланова, т.ғ.к., аға оқыт. А.Т. Кульбаева, т.ғ.к., аға оқыт. Қ.Б. Беков, аға оқыт. А.В. Хамзаева, аға оқыт. Ж.А. Оспанбаев, аға оқыт. З.Б. Балғабаева, э.ғ.к. Г. Пернеева ; **Оқытушылар:** оқыт. Р. Уткелбай, оқыт. С. Парпиев, оқыт. Д. Калибекұлы, оқыт. А. Ермекбаев

КҮН ТӘРТІБІ:

4. Әр түрлі мәселелер

Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының профессоры, э.ғ.д. Р.Е. Елемесов пен доцент м.а. PhD доктор А.О. Ондаштың бірлесіп дайындаған «Халықаралық қатынастар» (көлемі – 28 б.т.) және доцент м.а. PhD доктор

А.О. Ондаштың «Халықаралық сауда» (көлемі - 15 б.т.) атты «Әлемдік экономика» мамандықтарына және жалпы сарапшылар қоғамына арналған оқу құралдарын баспаға ұсыну туралы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Сөйлеген: Кафедра меңгерушісі Е.С. Чукубаев: халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының профессоры, э.ғ.д. Р.Е. Елемесов пен PhD докторы, доцент м.а. А.О. Ондаштың бірлесіп дайындаған «Халықаралық экономика» атты (көлемі – 28 б.т.) және доцент м.а. PhD докторы А.О. Ондаштың «Халықаралық сауда» (көлемі - 15 б.т.) атты оқу құралдарын баспаға ұсыну туралы хабарламасы тыңдалды.

ҚАУЛЫ:

Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының бірауыздан қабылдаған шешіміне байланысты профессоры, э.ғ.д. Р.Е. Елемесов пен, доцент м.а. PhD доктор А.О. Ондаштың бірлесіп дайындаған «Халықаралық экономика» атты (көлемі – 28 б.т.) және доцент м.а. PhD доктор А.О. Ондаштың «Халықаралық сауда» (көлемі - 15 б.т.) атты оқу құралдары баспаға ұсынылсын.

**Халықаралық қатынастар
және әлемдік экономика
кафедрасының меңгерушісі**

Хатшы



Е.С. Чукубаев

Г.А. Апсатгарова

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің, Халықаралық қатынастар факультетінің, Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының профессоры, э.ғ.д. Р.Е.Елемесов және PhD доктор, доцент м.а. А.О. Ондаш

дайындаған

«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКА» оқу құралына

СЫН-ПКІР

Қазіргі таңда халықаралық экономиканы зерттеу, оның тұжырымдамаларын анықтап білу өзекті мәселеге айналууда, себебі дүниежүзілік өндіргіш күштер ауқымы күрделенуде, интернационализация процесі тереңдеуде, елдердің ұлттық экономикасы бір-біріне тығыз байланысты болып қалыптасуда және бір-біріне тәуелді сипатқа иеленуде, еңбек бөлінісі тереңдеуде. Экономикалық-қаржылық дағдарыс бір елде басталып шеңберін кеңейтіп ғаламдық мәселеге айналууда. Сондықтан, аталған қолайсыз жағдайларды ескеру қажеті туындап отыр, ал бұл мәселелерді шешу үшін елдердің тығыз халықаралық қатынасқа түсуі сөзсіз екені белгілі қағида.

Ұсынылып отырған «Халықаралық экономика» оқу құралы халықаралық экономикалық қатынастардың ерекшеліктері, ұлттық экономикалардың өзара әрекеттесудің принциптері мен әсері, елдер арасындағы экономикалық байланыстарды мемлекеттік және халықаралық реттеу туралы білім береді. Осы оқу құралын оқудың нәтижесінде алынған білімдер мен дағдылар әлемдегі шаруашылық үдерістердің жаһандануы, елдердің басым бөлігінің экономикалары әлемдік шаруашылық байланыстарға тартыла отырып, олардың бір-бірінен тәуелділігінің артуы жағдайында айрықша өзектілікке ие болады.

Дүниежүзілік шаруашылықтың маңызды инфрақұрылымдық бөлігі сауда операциялары авторлар дайындаған оқу құралында кеңінен қарастырылған. Халықаралық экономика түсінігі, оның мемлекеттер арасындағы байланысы мен қатынастарының сипаттамасы мен даму үрдістері, халықаралық саудада маңыздылығының арта түсуі мәселелері нақты тәжірибе, мысалдар негізінде жан-жақты көрсетілген.

«Халықаралық экономика» оқу құралының тағы бір құптарлық ерекшелігі ұлттық, халықаралық, олардың қарым-қатынастары және жетістіктері мен кемшіліктеріне, сондай-ақ тиімділігін арттыру мәселелеріне зер салынған және мұның өзі ойдағыдай атқарылған деп санаймыз.

Мемлекеттік тілдегі осынау тақырыпқа арналған сирек еңбектердің бірі болғандықтан кейбір олқылықтар да кездеседі. Мысалы, тақырыптарды кестелер мен сызбалар түрінде кеңінен көбірек қарастырып маңыздылығын нақтылай түскен болса, одан оқу құралы тек ұтқан болар еді. Бұл болашақта қайта шығару барысында ескеріледі деп санауға толық негіз бар.

Жинақтап айтсақ, Р.Е. Елемесов пен А.О. Ондаш дайындаған «Халықаралық экономика» оқу құралы студенттер мен магистранттарға, осы мәселелерге қызығушылық танытқан жалпы оқушыларға пайдалы болары даусыз.

**НАРХОЗ университеті, “Экономика”
кафедрасының профессоры, э.ғ.д.**



Кенжебаева З.С.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің, Халықаралық қатынастар факультетінің, Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының профессоры, э.ғ.д. Р.Е.Елемесов және PhD доктор, аға оқытушы А.О. Ондаш

дайындаған

«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКА» оқу құралына

СЫН-ПІКІР

Қазіргі қоғамның алдында тұрған алуан түрлі, күллі көкейкесті міндеттердің қатарындағы ең маңыздысы және өзектісі – бері айтқанда, адамзаттың мүлде қайта құрылуын көздейтін жаңа технологиялық революцияны саналы түрде түсініп, тиімді жүзеге асыру. Себебі, біз бүгінгі күнделікті тірлігімізді, жұмысымызды, әдепкі қарым-қатынасымызды түбегейлі өзгертетін сол алапат революцияның бастауында тұрмыз. Сондықтан, нарықтық реформалар елдердің экономикасын ғана емес, адамдардың санасын да түбегейлі өзгертеді, нарықтық шаруашылықтың дамуының теориялық негіздері жайлы білімге деген қажеттілікті қалыптастырады. Осы білімдер болмаса белсенді тәртіп бизнесте, ғылыми-зерттеулерде, динамикалық нарықтық ортада іске асырылмайды.

Нарықтық реформаларды өткізу үшін білімді кеңейту қазіргі экономикалық теорияның құрамдас бөлігі ретінде халықаралық экономиканың даму заңдылықтарын игеруге айтарлықтай ықпал етеді. Сонымен мұның алғышарты микроэкономика және макроэкономиканың негізін білу болып табылады.


Ұсынылған оқулық оқырманды микро және макроэкономикалық талдау құралдарын халықаралық экономикалық қатынастар саласына таратудың негізгі мәселелеріне бағыттайды. Бұл оқулық құрылымын халықаралық экономиканың дамуы мен қызмет етуінің негізгі мәселелерін қисынды өзара байланыста қарауға мүмкіндік беретін қазіргі экономикалық теория жүйесінде қарастыруға болады.

«Халықаралық экономика» оқу құралының тағы бір құптарлық ерекшелігі халықаралық экономикалық қарым-қатынастарда туындайтын сұрақтарға, сондай-ақ тиімділігін арттыру мәселелеріне зер салынған және мұның өзі ойдағыдай атқарылған деп санаймын.

Рецензияланған оқу құралы үш бөлімнен тұрады: Халықаралық экономика курсына кіріспе, Халықаралық микроэкономика: тауарлар мен өндіріс факторларының қозғалысы, Халықаралық макроэкономика: ашық ұлттық экономика мен жалпы әлемдік экономиканың функционалануы. Көрсетілген бөлімдердің әрқайсысын авторлар жеткілікті егжей-тегжейлі және жан-жақты қарастырады, бұл жұмыстың оң сипаттамасына лайық.

Жинақтап айтсақ, Р.Е. Елемесов пен А.О. Ондаш дайындаған «Халықаралық экономика» оқу құралы студенттер мен магистранттарға, осы мәселелерге қызығушылық танытқан жалпы оқушыларға пайдалы болары даусыз. Себебі, мемлекеттік тілде Халықаралық экономика бойынша еңбектер өте аз екенін ескеру қажет. Олар негізінен аударылған шығармалармен ұсынылған және мұндай әдебиетті пайдаланушылардың кен ауқымы үшін қол жетімді емес. Профессор Р.Елемесовтың және оның шәкірті PhD А.Ондаштың зерттеп отырған жұмысы осы олқылықтың орнын белгілі бір деңгейде толтырады және оны баспаға ұсынуға болады.

Э.ғ.д., әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ, ЭБЖМ профессоры



Е.Б. Жатқанбаев

PhD доктор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Халықаралық қатынастар факультеті, Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының аға оқытушысы Ондаш Айнұр Ондашқызы дайындаған «Халықаралық сауда» оқу құралына

СЫН-ПІКІР

Әлемдік экономиканың ағымдағы басты сипаттарының бірі – ол халықаралық экономикалық қатынастар жүйесіндегі интеграциялық үдерістердің күшейе түсуінде болса керек. Елдер арасындағы сыртқыэкономикалық қызметтерді жүзеге асыру барысында халықаралық сауда операцияларының рөлі едәуір және ол ұлғая бермек.

Халықаралық сауда нарығында өндіруші мен тұтынушыны жалғастырып, мемлекеттер, аймақтар мен құрлықтар арасындағы аса зор көлемдегі тауарлар мен қызметтерді жүзеге асыра отырып, экспорт пен импорт алмасуды қамтамасыз етеді.

Дүниежүзілік шаруашылықтың маңызды инфрақұрылымдық бөлігі сауда операциялары авторлар дайындаған оқу құралында кеңінен қарастырылған. Халықаралық сауда түсінігі, оған қатысты теориялық тұжырымдамалардың сипаттамалары мен даму үрдістері, халықаралық саудада маңыздылығының арта түсуі мәселелері нақты тәжірибе, мысалдар негізінде жан-жақты көрсетілген.

«Халықаралық сауда» оқу құралының тағы бір құптарлық ерекшелігі отандық, сыртқыэкономикалық қызметіне, олардың кәсіпорынның іс-әрекеттері және жетістіктері мен кемшіліктеріне, сондай-ақ тиімділігін арттыру мәселелеріне зер салынған және мұның өзі ойдағыдай атқарылған деп санаймыз.

Халықаралық сауда арналған мемлекеттік тілде дайындалып отырған қанатқақты оқу құралы болғандықтан кейбір кемшіліктер де жоқ емес.

Айталық, халықаралық сауда туралы әлем елдері бойынша жалпылай емес, жеке тоқталып зерттеген жөн болар еді. Бірақ, ол жұмыстың мәні мен оның орындалу сапасына айтарлықтай әсер етпейді, себебі жұмыстың зерттелуін қиындатып жіберуі мүмкін.

Жалпы алғанда, Ондаш Айнұр Ондашқызы дайындаған «Халықаралық сауда» кітабы студенттер мен магистранттар үшін қажетті оқу құрал болып табылатындықтан, баспадан шығаруға ұсынылады және арнайы курс ретінде өзіне жүктелген міндеттерді атқарады деп санауға толық негіз бар.

PhD доктор, доцент,
UIB Базалық жоғары
білім факультетінің деканы



Б.Ж. Утеев



PhD докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Халықаралық қатынастар факультеті,
Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының аға оқытушысы
Ондаш Айнұр Ондашқызы дайындаған
«Халықаралық сауда» оқу құралына

СЫН-ШҚІР

Ондаш Айнұр Ондашқызының «Халықаралық сауда» атты оқу құралы тек әлемдік экономика мамандығы ғана емес, сонымен қатар жалпы экономика және бизнес мамандықтарының студенттері мен магистранттарына, экономика саласы бойынша сарапшыларға, халықаралық экономика мәселелеріне қызығушылық танытушылардың барлығына арналған. Қарастырылып отырған оқу құралы материалдарды ұсыну логикасына сәйкес екіге бөлінеді: теория және практика. Ал, енді жалпы оқу құралы мазмұны бойынша 3 бөлімнен тұрады:

- «Халықаралық саудаға кіріспе мен тұжырымдамалары» деп аталатын бірінші бөлімде халықаралық экономикалық қатынастар жүйесіндегі халықаралық сауда, халықаралық сауда теориялары, халықаралық еңбек бөлінісі, төлем балансы;

- «Әлемдік нарықтар және халықаралық тауарлар және қызметтер саудасы» атты екінші бөлімде әлемдік нарықтар, баға қалыптастыру, халықаралық қаржы және валюта нарығы, технологиялардың халықаралық айырбасы, халықаралық тауарлар мен қызметтер саудасы;

- «Халықаралық сауда саясаты және реттеу» атты үшінші бөлімде халықаралық сауда саясаты, тарифтік және тарифтік емес реттеу, салық салу, ДСҰ, ДБ, ХВҚ, ТҮК, ЕАЭО атты тараулар қарастырылған.

Ұсынылған қолжазба - бұл автордың дәрістік материалдар және әр түрлі дереккөздерде жарияланған ғылыми мақалалар жинағы.


Оқу құралының құрылымы пәнді оқытудың әдістемелік талаптарына сәйкес келеді (қажетті бөліктерді қамтиды: негізгі (дәрістер оқуға арналған материал), түсіндірмелі (глоссарий, терминдер мен анықтамаларды ашу), әдістемелік (бақылау сұрақтары, ұсынылған әдебиеттер), практикалық (есептер, жағдайлық тапсырмалар).

Автор ресми статистикалық ақпарат көздерін пайдалана отырып, ұқсас теориялық және практикалық зерттеулерді өз бетінше жүргізе алған. Автор таңдаған оқулықты жазуға деген көзқарас халықаралық сауданың теориялық және практикалық мәселелерінің барлық кешенін ашып көрсетудегі қазіргі олқылықтың орнын толтыруға арналған. Оқу құралы білікті, дәлелді түрде дайындалған, оқу материалы қол жетімді түрде ұсынылған, сонымен қатар жаңашылдығымен және өзіндік ерекшелігімен ерекшеленеді.

Халықаралық сауда арналған мемлекеттік тілде дайындалып отырған қанатқақты оқу құралы болғандықтан, кейбір кемшіліктер де жоқ емес. Мәселен, жұмысқа тест сұрақтарын қосқанда артықшылық етпес еді. Бірақ, ол жұмыстың мәні мен оның орындалу сапасына айтарлықтай әсер етпейді, себебі жұмыста басқа да есеп тапсырмалары мен бақылау сұрақтары қамтылған.

Қорытындылай келе, Халықаралық сауда бойынша мемлекеттік тілде еңбектердің таралымы өте аз болғандықтан, мұндай әдебиетті пайдаланушылардың кең ауқымы үшін қол жетімді емес екенін атап өткен жөн. Автор А.О. Ондаштың жұмысы бұл олқылықтың орнын белгілі бір деңгейде толтырады және оны басылымға жариялауға ұсынылады.

PhD докторы, әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ доцент м.а.



Ш.А. Болуспаев

PhD докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Халықаралық қатынастар факультеті,
Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының аға оқытушысы
Ондаш Айнұр Ондашқызы дайындаған «Халықаралық сауда» оқу құралына

СЫН-ПКІР

Халықаралық экономикалық қатынастардың дәстүрлі және ең кең дамыған нысанына - сыртқы сауда жатады. Дүниежүзіндегі елдердің барлығы үшін сыртқы сауданың рөлі ерекше маңызды. Халықаралық сауда бүгінгі елдердің өндірісін дамыта отырып, өзінде бар ресурстарды тиімді пайдаланып, осылайша тауарлар мен қызмет түрін ұлғайтатын, халықтың әл-ауқатын арттыратын құралға айналып бара жатыр.

“Халықаралық сауда” атты оқу құралы әлемдік шаруашылық туралы білімдерді алуға қажет. Сонымен қатар, ұсынылып отырған оқу құрал бірқатар негізгі және арнайы курстарды оқытуда пайдалануға болады: бұдан көптеген елдердің өмірінде әлемдік рыноктың рөлінің артқанын, олардың арасындағы байланыстың артқанын, халықаралық еңбек бөлісінің тереңдегенін көруге болады. Осылайша, әлемдік экономикаға тартылған елдерге қатал халықаралық бәсекелестік жағдайында өзінің нарықтық үлесін алуға тура келеді. Сол себепті де сыртқы сауда бір жағынан экономикалық өсудің қуатты факторы болып табылса, ал екінші жағынан елдердің халықаралық сауда айырбасына тәуелділігін арттырады. Сыртқы сауданың пайдасы, ол іскерлік белсенділікті жандандыру арқылы әр түрлі елдердің экономикалық дамуын теңестіруге мүмкіндік береді. Құралдың мәтіні логикалық жүйеге сәйкес орналасқан. Автор талдаудың жалпытеориялық және қолданбалы деңгейлерін қолданған.

Құралдың мазмұны, оның құрылымы университетте оқытудың мақсат пен міндеттеріне сәйкес жасалынған. Құралдың құрамына әлем елдері мен Қазақстан Республикасының соңғы онжылдықта дамудың сыртқы сауда және баға саясатының бағыттары, әлемдік тауарлар және қызметтер нарықтары, халықаралық еңбек бөлінісі, трансұлттық корпорациялар, валюталық және қаржылық қатынастарды қамтитын тараулар енгізілген.

Оқу құралында автор әлем елдері және Қазақстан Республикасы сыртқы сауда саясаты бойынша дәрістік материалдары енгізілген. Бұл материал студенттерге пән бойынша жоғары мектептің мемлекеттік жалпы білім беру стандартына және негізгі талаптарға сәйкес білімдерді алуға көмектеседі. Маңыздысы, автор оқу құралына әдістемелік нұсқаулар, есептер, бақылау сұрақтары, кестелер мен сызбалар, глоссарий мен ұсынылған әдебиеттер тізімін кіргізген.

Халықаралық сауда арналған мемлекеттік тілде дайындалып отырған қанатқақты оқу құралы болғандықтан, кейбір кемшіліктер де жоқ емес. Мәселен, жұмыста орфографиялық қателер кездеседі. Бірақ, ол жұмыстың мәні мен оның орындалу сапасына айтарлықтай әсер етпейді, себебі жұмыстың ауқымы кең және тақырыбы өзекті.

Жалпы алғанда, Ондаш Айнұр Ондашқызы дайындаған «Халықаралық сауда» кітабы студенттер мен магистранттар үшін қажетті оқу құрал ретінде баспадан шығаруға ұсынуға болады.

Э.ғ.к., әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ доценті м.а.



Ж.Т. Бейсенбаев